



**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»**

«САРЫЖАР ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

Сарыжар ауылы

27.08.2022ж

Бұйрық №146

«2022-2023 оқу жылының басталуы туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерінде айқындау туралы» №363 мен Ақтөбе облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» №270 бұйрықтары негізінде білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ Мәртөк ауданының білім бөлімінің 2022 жылдың 27 тамыз күнгі №53/т1 бұйрығын негізге ала отырып

I ҰЙЫРАМЫН:

1. 2022-2023 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
2. Білім алушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
3. Білім алушылардың білімдеріндегі оқулықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылдансын;
4. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

- 1) Меншік нысана және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 жылғы қыркүйек;
- 2) Оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2- 11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
- 1-11 (12)- сыныптарда үзгі каникул – 7 күн (2022жылғы 31қазан 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9күн (2022жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8қаңтар аралығында), көктемгі каникул - (2023 18-26 наурыз аралығында);
- 1- сыныптарда қосымша каникул – 7күн (2023 жылғы 6-12ақпан аралығында).
6. Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 3тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
8. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022 – 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы » әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.О.Ержанова, Ж.Қ.Жанаева, Ж.Б.Аблашимоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Н.Д.Муханов